

Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны (131-конвенция) ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 20 қазандағы № 224-VIII ҚРЗ.

1970 жылғы 22 маусымда Женевада жасалған Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенция (131-конвенция) ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

№ 131 КОНВЕНЦИЯ

Конференцияның елу төртінші сессиясында қабылданған Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенция

1970 жылғы 22 маусым, Женева

теңтүпнұсқалы мәтін

Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенция¹

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі Женевада шақырған және 1970 жылғы 3 маусымда өзінің елу төртінші сессиясына жиналған Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас конференциясы Ең төмен жалақыны белгілеу рәсімі туралы 1928 жылғы Конвенцияның және Ұйым мүшелерінің басым көпшілік саны ратификациялаған Тең сыйақы туралы 1951 жылғы конвенцияның, сондай-ақ Ауыл шаруашылығында ең төмен жалақыны белгілеу рәсімі туралы 1951 жылғы Конвенцияның ережелерін назарға ала отырып, бұл Конвенциялардың жалдамалы жұмыс істейтін адамдардың аз қамтылған топтарын қорғауда маңызды рөл атқарғанын ескере отырып, осы Конвенцияларды толықтыратын және жалдамалы жұмыс істейтін адамдарды негізсіз төмен жалақыдан қорғауды көздейтін, ол жалпыға бірдей қолданылғанымен, дамушы елдердің қажеттіліктеріне ерекше назар аударатын жаңа актіні қабылдайтын уақыт келгенін ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу рәсімі туралы және дамушы елдерді ерекше ескере отырып, сессияның күн тәртібіндегі бесінші тармағы болып табылатын, осымен байланысты проблемалар бойынша бірқатар ұсыныстар қабылдау туралы қаулы шығара отырып, бұл ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, ең төмен жалақыны белгілеу

туралы 1970 жылғы Конвенция деп аталатын, бір мың тоғыз жүз жетпісінші жылғы маусым айының осы жиырма екінші күні төмендегі Конвенцияны қабылдайды:

1-бап

1. Осы Конвенцияны ратификациялайтын Халықаралық Еңбек Ұйымының әрбір мүшесі еңбек жағдайлары осындай жүйені қолдануға болатын жалдамалы жұмыс істейтіндердің барлық тобын қамтитын ең төмен жалақыны белгілеу жүйесін енгізуге міндеттенеді.

2. Әрбір елдің құзыретті билік органы осындайлар бар жерлерде, еңбекшілер мен кәсіпкерлердің мүдделі өкілді ұйымдарының келісімімен немесе олармен жан-жақты консультациядан кейін осы жүйе қолданылатын жалдамалы жұмыс істейтін адамдардың топтарын айқындайды.

3. Осы Конвенцияны ратификациялайтын Ұйымның әрбір мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес ұсынылатын Конвенцияны қолдану туралы бірінші баяндамада осындай алып тастаудың себептерін көрсете отырып, осы бап ережелерінің күші қолданылмауы ықтимал, жалдамалы жұмыс істейтін адамдардың барлық тобын санамалайды және өз заңнамасының жай-күйі туралы және осы шығып қалған топтарға қатысты өзінің тәжірибесі туралы, сондай-ақ Конвенцияның өмірге қаншалықты дәрежеде енгізілгені немесе оның жүзеге асырылуы осындай топтарға қатысты болжанатыны туралы кейінгі баяндамаларда хабарлайды.

¹ 1970 жылғы 22 маусымда 248 дауыспен қабылданды, қарсылар - 46, қалыс қалғандар - 46.

2-бап

1. Ең төмен жалақының заңдық күші бар және ол азайтуға жатпайды; бұл ережені қолданбау жауапты адамға немесе адамдарға қатысты тиісті қылмыстық немесе басқа да санкцияларға әкеп соғады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері сақталған жағдайда ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі толығымен құрметтеледі.

3-бап

Ең төмен жалақы деңгейін айқындау кезінде ескерілетін факторлар бұл ұлттық практика мен шарттарға сәйкес мүмкін болатын және қолайлы болатын мыналарды:

а) елдегі жалақының жалпы деңгейін, өмір сүру құнын, әлеуметтік жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік топтардың салыстырмалы өмір сүру деңгейін назарға ала отырып, жұмыскерлер мен олардың отбасыларының қажеттіліктерін;

б) экономикалық даму талаптарын, өнімділік деңгейін және жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мен қолдаудың қажеттілігін қоса алғанда, экономикалық пайымдауларды қамтиды.

4-бап

1. Осы Конвенцияны ратификациялайтын Ұйымның әрбір мүшесі 1-баптың күші қолданылатын жалдамалы жұмыс істейтін адамдар топтарының ең төмен жалақысын белгілеуге және мезгіл-мезгіл қайта қарауға мүмкіндік беретін ұлттық шарттар мен қажеттіліктерді ескеретін рәсімді жасайды және/немесе сақтайды.

2. Мұндай рәсімнің тағайындалуына, қолданылуына және өзгеруіне байланысты еңбекшілер мен кәсіпкерлердің мүдделі өкілді ұйымдарымен немесе ондайлар жоқ жерде еңбекшілер мен кәсіпкерлердің мүдделі өкілдерімен жан-жақты консультациялар көзделеді.

3. Бұл ең төмен жалақыны белгілеу рәсімінің сипатына сәйкес келетін жағдайларда оны қолдануға:

а) еңбекшілер мен кәсіпкерлердің мүдделі ұйымдар өкілдерінің немесе ондайлар жоқ жерде еңбекшілер мен кәсіпкерлердің мүдделі өкілдерінің тең негізде;

б) елдің ортақ мүдделерін білдіру үшін танылған құзыреті бар және ондайлар болған кезде, әрі мұндай консультациялар ұлттық заңнамаға немесе практикаға сәйкес келетін кезде еңбекшілер мен кәсіпкерлердің мүдделі өкілді ұйымдарымен жан-жақты консультациядан кейін тағайындалған адамдардың тікелей қатысуы да көзделеді.

5-бап

Ең төмен жалақы туралы барлық ереженің тиімді қолданылуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылданады, мысалы, басқа қажетті шаралармен толықтырылған тиісті инспекция.

6-бап

Осы Конвенция қандай да бір қолданыстағы конвенцияны қайта қарайтын болып есептелмейді.

7-бап

Осы Конвенцияны ратификациялау туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директорына жіберіледі.

8-бап

1. Осы Конвенция ратификациялау туралы құжаттарын Бас директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Бас директор Ұйымның екі мүшесінің ратификациялау туралы құжаттарын тіркегеннен кейін он екі айдан кейін күшіне енеді.

3. Кейіннен осы Конвенция Ұйымның әрбір мүшесіне қатысты оның ратификациялау туралы құжаты тіркелген күннен кейін он екі айдан кейін күшіне енеді.

9-бап

1. Осы Конвенцияны ратификациялаған Ұйымның кез келген мүшесі алғашқы күшіне енген кезден бастап онжылдық кезең өткен соң оны тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директорына жіберілген күшін жою туралы акт арқылы күшін жоя алады. Күшін жою туралы акт тіркелген күннен кейін бір жылдан кейін күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны ратификациялаған Ұйымның алдыңғы тармақта аталған онжылдық кезең аяқталғаннан кейін бір жыл мерзімде осы бапта көзделген өзінің күшін жою құқығын пайдаланбайтын әрбір мүшесі келесі он жылдық кезеңге байланысты болады және кейіннен осы бапта белгіленген тәртіппен әрбір онжылдық кезең өткен соң осы Конвенцияның күшін жоя алады.

10-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директоры Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық мүшесіне Ұйым мүшелерінен өзі алған ратификациялау туралы барлық құжатты және күшін жою туралы актілерді тіркеу туралы хабарлайды.

2. Ұйым мүшелеріне өзі алған ратификациялау туралы екінші құжатты тіркеу туралы хабарлай отырып, Бас директор олардың назарын осы Конвенция күшіне енетін күнге аударады.

11-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өзі тіркеген ратификациялау туралы барлық құжат пен күшін жою туралы актілерге қатысты толық мәліметтерді жібереді.

12-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі мұны қажет деп тапқан сайын, ол Бас конференцияға осы Конвенцияның қолданылуы туралы баяндаманы ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажет пе әлде, жоқ па, соны шешеді.

13-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаған жағдайда және, егер жаңа конвенцияда өзгеше көзделмесе, онда:

а) Ұйымның қандай да бір мүшесінің жаңа, қайта қарайтын конвенцияны ратификациялауы, 9-баптың ережелеріне қарамастан, жаңа, қайта қарайтын конвенция күшіне енген жағдайда, осы Конвенцияның дереу күшін жоюға автоматты түрде әкеп соғады;

б) жаңа, қайта қарайтын конвенция күшіне енген күннен бастап осы Конвенция оны Ұйым мүшелері ратификациялауы үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны ратификациялаған, бірақ жаңа, қайта қарайтын конвенцияны ратификацияламаған Ұйым мүшелеріне қатысты нысаны мен мазмұны бойынша кез келген жағдайда күшінде қалады.

14-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей.

Жоғарыда баяндалған мәтін Женевада өткен және 1970 жылғы жиырма бесінші маусымда жабық деп жарияланған Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас конференциясының елу төртінші сессиясында тиісті түрде қабылданған Конвенцияның теңтүпнұсқалы мәтіні болып табылады.

Осыны куәландыру үшін біз 1970 жылғы жиырма бесінші маусымда қол қойдық.

Конференция төрағасы

Б. МАНИКАВАСАГАН

Халықаралық еңбек бюросының

Бас директоры

УИЛФРЕД ДЖЕНКС

Конвенцияның ұсынылған мәтіні Халықаралық Еңбек Конференциясы Төрағасының және Халықаралық Еңбек Бюросы Бас директорының қолдары қойылып куәландырылған мәтіннің дұрыс көшірмесі болып табылады.

Көшірменің дұрыстығы мен толықтығы куәландырылады.

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директоры үшін:

Джордж Политакс

Халықаралық Еңбек Ұйымының Заң кеңесшісі

1970 жылғы 22 маусымдағы Женевада өткен Халықаралық Еңбек Ұйымы Конференциясының елу төртінші сессиясында қабылданған "Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенция" № 131 Конвенцияның куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

вице-министрі

А. Ертаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК